

"Квота белгілеу туралы" Сарысу ауданы әкімдігінің 2012 жылғы 27 наурыздағы № 44 қаулысына өзгеріс енгізу туралы

Жамбыл облысы Сарысу ауданы әкімдігінің 2013 жылғы 27 тамыздағы № 292 қаулысы. Жамбыл облысының Әділет департаментінде 2013 жылғы 13 қыркүйекте № 2012 болып тіркелді

Р Қ А О - н ы ң е с к е р т п е с і .

Құжаттың мәтінінде түпнұсқаның пунктуациясы мен орфографиясы сақталған.

«Халықты жұмыспен қамту туралы» Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы Заңының 7 бабының 5-5), 5-6) тармақшаларына сәйкес, Сарысу ауданының әкімдігі **Қ А У Л Ы** **Е Т Е Д І :**

1. 2012 жылғы 27 наурыздағы «Квота белгілеу туралы» Сарысу ауданы әкімдігінің № 44 қаулысына (нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу Тізілімінде № 6-9 -134 болып тіркелген, 2012 жылғы 21 сәуірдегі № 35-36 аудандық «Сарысу» газетінде жарияланған) келесі өзгеріс енгізілсін:

1 тармақ мынадай редакцияда жазылсын:
1. «Жұмыс орындарының жалпы санының бір проценті мөлшерінде қылмыстық-атқару инспекциясы пробация қызметінің есебінде тұрған адамдар үшін, сондай-ақ бас бостандығынан айыру орындарынан босатылған адамдар үшін және интернаттық ұйымдарды бітіруші кәмелетке толмағандар үшін жұмыс орындарына **к в о т а** **б е л г і л е н с і н**» .

2. Осы қаулы әділет органдарында мемлекеттік тіркелген күннен бастап күшіне енеді және алғаш ресми жарияланғаннан кейін күнтізбелік он күн өткен соң **қ о л д а н ы с қ а** **е н г і з і л е д і .**

3. Осы қаулының орындалуын бақылау аудан әкімінің орынбасары Аукенов Қайрат **Қ о с т а н а й ұ л ы н а** **ж ү к т е л с і н .**

Аудан әкімі

Қ. Мәдібек